

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ
№ 2 «ДАРЫН» ОБЛЫСТЫҚ
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН
МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ-ИНТЕРНАТЫ» КММ

БҰЙРЫҚ

24 тамыз 2026 жыл
Астана қаласы

КГУ «ОБЛАСТНАЯ
СПЕЦИАЛИЗИРОВАННАЯ
ШКОЛА-ЛИЦЕЙ-ИНТЕРНАТ №
2 «ДАРЫН» ГОРОДА АСТАНА»
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ПРИКАЗ

№ 26
город Астана

**2026-2027 оқу жылының басталуы
және аяқталу мерзімдерін сондай -ақ
білім алушыларды қорытынды
аттестаттаудан өткізу мерзімдері
туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 18) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) сәйкес, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2026 жылғы 29 шілдедегі № № 213-НҚ бұйрығы және Ақмола облысы білім басқармасының 2026 жылғы 17 тамыздағы № 350 бұйрығы негізінде
БҰЙЫРАМЫН:

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2026-2027 оқу жылының басталуы мен аяқталуының мерзімдері айқындалсын:

2026 жылғы 1 қыркүйек – 2027 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:

1-11 (12) сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2026 жылғы 26 қазаннан бастап 1 қарашаны қоса алғанда);

2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 14 күн (2026 жылғы 28 желтоқсаннан бастап 2027 жылғы 10 қаңтарды қоса алғанда);

3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2027 жылғы 22-28 наурызды қоса алғанда);

1-сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2027 жылғы 8-14 ақпанды қоса алғанда);

4-тоқсан – 8 оқу аптасы.

2. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10)-сынып білім алушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2027 жылғы 31 мамырдан бастап 11 маусым аралығында;

11 (12)-сынып білім алушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары – 2027 жылғы 1-17 маусым аралығында.

3. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10)-сынып білім алушылары үшін:

1) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан – 2027 жылғы 31 мамыр;

2) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2027 жылғы 3 маусым;

3) қазақ тілі/орыс тілінде оқытатын мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін – жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2027 жылғы 7 маусым;

4) қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан – 2027 жылғы 11 маусым.

11 (12)-сынып білім алушылары үшін:

1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2027 жылғы 1 маусым;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2027 жылғы 4 маусым;

3) қазақ тілі сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2027 жылғы 9 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2027 жылғы 14 маусым;

5) қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2027 жылғы 17 маусым.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың оқу жөніндегі орынбасары А.Б.Мукашеваға жүктелсін.

Мектеп басшысы



Ж.Кульмаганбетова

Орындаған : А.Мукашева
Тел: 87079000699